

Қазығұрт ауданы, Жаңабазар ауыл округі

«Балдырған»

бөбекжай – балабақшасы

Ермектік ойындар

«Әкем, анам және мен» сайысы



Тәрбиеші: Имадуллаева А.

2020 ЖЫЛ

«Әкем, анам және мен» сайысы



Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата-анамен бала арасында спорт мәдениетін кең тарау. Отбасымен балабақша арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекі - құралдар: Доптар, кедергілер, ысқырық қап, жіп, шелек, жемістер т.б.

Жүргізуші: Армысыздар салауатты өмір салтын қолдайтын, денсаулығым - байлығым деп бағалайтын спорт сүйер қауым! Бүгін біздің бақшамызда отбасылық арасында өткізілетін «Әкем, анам және мен» атты сайысымызға қош келдіңіздер!

Әр таңды бақытпен аттырамыз,
Өнерді ой көгінде бақылаңыз
Сайысқа қатысуға енді ортаға,
Спортшы отбасыларын шақырамыз.

«Ақ қоян» тобы:

Биіктен алысқа,
Секіретін жарысқа
Ақ қоян келіп қатысты,
Өтілетін жарысқа.

«Ақ бота» тобы:

Келіңіздер, келіңіздер,
Бұл жарысты көріңіздер
Біздер бәрі жүйріктер,
Күш сынасар алыптар.

«Ақ қоян» Топтың ұраны: *Жарыстарда қалмаймыз, ұмтыламыз алға біз.*

«Ақ бота» Топтың ұраны: *Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін!*

Жүргізуші: Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беоретін әділқазылар алқасымен таныстырайық.

1. «Балдырған» балабақшасының директоры: Құралбаева Балқия - әділқазы төрайымы.
2. «Балдырған» балабақшасының әдіскері: Тағаева Нышанкүл - әділқазы мүшесі.
3. «Балдырған бақшасының тәрімгері - Жұмағұлова Фарида - әділқазы мүшесі.

Спорттық сайысымыз бес балдық жүйемен бағаланады.
Сайыстың бағдарламасы бес кезеңнен тұрады.
Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар! Сайысымызды бастаймыз.

1.кезең: «Мәреге тез жет»

Ойынның шарты: Құрсаудың ішінде жүріп, жолдағы кедергілерден өту арқылы допты жинау, қайта орнына келу.

2.кезең: «Көңілді эстафета»

Шарты: Қаптың ішіне кіріп, қос аяқпен белгілерген мәреге жетіп, кері қайтып, келесі команда мүшесіне беру.

3.кезең: «Жеміс жидек жинау»

Шарты: Жемістер шашылып жатады. Анасының басына шелек кигізіп, қызы немесе ұлы жетелеп шашылған жеміске қарай бағыттайды. Анасы тездете жемісті жинайды. Алманы көп жинаған сайыскерлер жеңіске жетеді.

4.кезең: «Кенгуру» ойыны

Ойынның шарты: Сайыскерлер екі аяғының арасына допты қысып алып, белгіленген жерден айналып қайтады.

5.кезең: «Үш аяқ» ойыны.

Ойынның шарты: Сайыскерлер жұптармен тұрады. Біреуінің оң аяғымен, екіншісінің сол аяғын қосып жіппен байлап қоямыз. Екеуі бірдей мәреден айналып келу керек.

6.кезең: «Бағанаға дәлдеу»

Шарты: Сайыскерлер командасы бір сызықта тұрып, төрт метр қашықтықта тұрған шелектерге кіші доптарды дәлдеп түсіруі тиіс.

Жүргізуші:

Уа, халқым назар аудар денсаулыққа!

Өмірде бақыттысың денің сау да.

Денсаулық терең бақыт деген сөзді.

Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да - дей келе, сіздерге отбасыларыңызға бақыт және шаттық тілеймін. Осымен балабақшамызда өткізілген спорттық сайысымыз аяқталды. Келіп тамашалағандарыңызға көп - көп рахмет. Сау болыңыздар.



Қазығұрт аудандық білім бөлімі
"Балдырған" балалар бақшасы

Ашық ұйымдастырылған іс- әрекет

"ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ"



"Күншуақ тобы"

Тәрбиеші: А. Имадуллаева



Ашық ұйымдастырылған оқу, іс- әрекетінің технологиялық картасы.

Білім беру саласы: “Қатынас ” ,”Шығармашылық ”.

Білім беру бөлімі: “Тіл дамыту ”, ”Жапсыру ”.

Тақырыбы : Үй жануарлары .

Мақсаты : Балаларды үй жануарлары мен таныстыру, төлдерін атай білуге , жануарларды күтіп баптауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сөздік қорын байыту , тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.

Әдіс тәсілдер: ойын, таныстыру, сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекіліктер: үй жануарларының суреттері, желім , сүлгі.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушы ынталандыру кезеңі	Шаттық шеңбері: Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Баршаңызға құрметпен, Бас иеміз біз.	Балалар тәрбиешімен бірге шаттық шеңберді қимылмен жасайды.
Ұйымдастырушы ізденушілік кезеңі	- Балалар сендердің көңіл-күйлерін қалай? - Олай болса, құлпырған шуақты күндей сендермен бірге бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетімізді бастаймыз. - Балалар , бүгін біз үй жануарлары және төлдері туралы айтайық. Сендер қандай үй жануарларын білесіңдер? Үй жануарлары немен қоректенеді? - Балалар біз жануарларға	Тамаша , жақсы Сиыр, қой, жылқы, ешкі. Шөппен , жеммен қоректенеді.

	қамқорлық жасаймыз, қыс мезгілінде оларды жылы жерде жем, шөптерін дайындап оларға күтім жасаймыз. - Ал енді жануарлар туралы толық білүміз үшін Мадина апаның ауылына саяхатқа барайық. Мадина апа өзінің жайлауындағы үй жануарлары мен таныстырады . Біз ауылға бару үшін жаяу жүріп, жол кедергілерінен өтуіміз қажет. - Ой балалар мына жерде көпір бар екен. Балалар көпірден асықпай , қатармен жүріп өтейік. Балалар көпірден өттік. Міне Мадина апаның ауылына келдік. - Мадина апамен сәлемдесеміз. - Сәлеметсіңдерме балалар, мен сендерді үй жануарымен таныстырайын. - Мынау сиыр, қасында төлін бұзау деп атаймыз. Сиыр бізге өзінің сүтін , етін, құртын, майын береді. - Мынау жылқы, қасында жүрген төлін құлын деп атаймыз. Жылқы бізге ет, қымыз береді. - Мынау қой, қасында жүрген төлін қозы дейміз. Біз қойдың етін, сүтін, жүнін пайдаланамыз. - Ал балалар, мынау ешкі, ешкінің төлін лақ дейміз, ешкіде ет пен сүт береді - Ал балалар, Мадина апаға алғысымыз ретінде үй жануарлары туралы тақпак айтып берейікші.	Балалар амандасады. Балалар Мадина апаны мұқият тыңдайды. Балалар тақпак айтады. Жанерке Ауылдың қойы бар,
--	--	---

	Қойы бардың тойы бар. Сауса тәтті сүті бар, Сойса дәмді еті бар. Гүлиаз Ақ бұзауым ұнайды, “Мө-мө” деп сүт сұрайды. Келеді өсіп күн сайын, Тұмсығын созып карайды. Тілімен мұрнын жалайды. Ернар Кұлыншағым кұндызым, Кұлдырайды шабады. Жылтылдаған жұлдызым, Кұстай қанат қағады. Көркем Ешкі қойды бастаған, Қой артына тастаған. Ешкі деген жануар, Сойса сүті бұлақтай.	Қойы бардың тойы бар. Сауса тәтті сүті бар, Сойса дәмді еті бар. Гүлиаз Ақ бұзауым ұнайды, “Мө-мө” деп сүт сұрайды. Келеді өсіп күн сайын, Тұмсығын созып карайды. Тілімен мұрнын жалайды. Ернар Кұлыншағым кұндызым, Кұлдырайды шабады. Жылтылдаған жұлдызым, Кұстай қанат қағады. Көркем Ешкі қойды бастаған, Қой артына тастаған. Ешкі деген жануар, Сойса сүті бұлақтай.
	- Балалар Мадина апамен ойын ойнайықшы. Дидактикалық ойын: “Ненің дыбысы екенін таны ” Ойынның шарты: Дыбыстарға қарап үй жануарларының атын атау	Балалар қызыға ойнайды.

	керек. Қой маңырайды, Сиыр моңірейді. Жылқы кісінейді, Ешкі бақырады.	Мә-мә-мә Мо-мо-мо Ио-ио-ио Бе-бе-бе
	- Балалар Мадина апамен қоштасайық, өз бақшамызға қайтатын уақыт болды.	Балалар қоштасады.
	- Балалар жол жүріп шаршап қалдық, бір сергіп алайықшы.	
	Сергіту сәті: Лақша секіріп, Қозыдай маңырап. Құлындай ойнақтап, Сиырша асықпай. Ботақандай маң-маң басып, Жануарлар келеді.	Сергіту сәтін қимылмен жасайды.
	- Балалар Мадина апаның үй жануарларымен таныстық, соның ішінен сендерге қандай жануар ұнады?	Қой, сиыр.
	Орындарыңа отыра қойыңдар. Балалар сендердің алдарыңда қандай үй жануары бар. Қойдың төлі қозыны жапсырайық, сиырдың төлі бұзауды жапсырамыз. Балалар жұмысымызды бастамас бұрын қауіпсіздік ережесін есімізге түсіріп, ұқыпты болайық. Желімді ауызға салмаймыз, үстел үстіне жақпаймыз, болғаннан соң сүлгі мен қолымызды сүртеміз. Балаларға көмек көрсету.	Қой, сиыр Балалар тәрбиешінің көмегімен қозыны, бұзауды жапсырады.

	- Балалар ойын ойнағыларын келеме? Дидактикалық ойын: "Төлін ата" ойыны. Ойынның шарты: Үй жануарларының өзінің төлдерін табу. - Жарайсыңдар балалар, енді бәріміз бірге ән айтайық. Ән: "Қошақаным".	Ия. Балалар ойынға белсене қатысты.
Жетекшілік қорытынды	- Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетіміз сендерге ұнады ма? - Балалар бүгін біз қайда саяхатқа бардық? - Қандай кедергілерден өттік? - Қандай үй жануарлармен таныстық? - Балалар сендер бүгінгі оқу іс-әрекетімізге өте жақсы қатыстындар, сендерге рахмет.	Ия. Мадина апаның ауылына. Көпірден, судан. Қой, сиыр, ешкі, жылқы.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Үй жануарларын ажырата біледі.

Игереді: Өз беттерінше ұқыптылықпен жұмыс жасау жолдарын игереді

Меңгереді: Жануарларды күтіп баптауды, қамқор болуды меңгереді.



